

**"Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі
Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы Жібек жолы ауылының
жалпы орта білім беретін мектебі" КММ
«Жас ұлан» ұйымының 2021-2022 оқу жылында атқарылған
іс- шаралардың есебі**

Аға тәлімгер: Орынбаева Қ.

2021-2022 оқу жылы

«Жасөспірімдерді жан жақты тәрбиелеуде жеке тұлғаны қалыптастыру бағытында біршама жұмыстар атқарылды.

Мектепте Ұланбасы сайланды.

Мектеп көшбасшылары сайланды.

Мектеп көшбасшыларының отырысы болып осы оқу жылына жоспарлар құрылды.

Оқу жылының басында мектеп көшбасшыларының арасында мектепшілік «Жас ұлан» жасөспірімдер ұйымының жиналысы болып, ұланбасы ретінде 9 «а» сынып оқушысы Алишер Данагул бірауыздан Ұланбасы болып сайланып және оның құрамы бекітілді. Сонымен бірге, «Жас ұлан» өзін өзі басқару кеңесіне сайланған әр оқушыға өз міндеттері түсіндірілді.

«Табиғаттың, өзен және бұлақтардың тазалығын сақтау» атты экологиялық акция өтіп оған мектебіміздің барлық оқушылары атсалысты. Атап айтар болсақ, жоғарғы сынып оқушылары мектеп ауласын, ауылымыздың көшелерін тазалап, «Есіл» көлінің маңайын ретке келтірді. Акцияға қатысқан барлық оқушылар саны 246 оқушы. Қорытындысында ауыл көшелері коқыстан тазартылып ретке келтірілді.

«Экологиялық» акция аясында өткізілген «Біз таза ауылды қолдаймыз!» атты ауылдық сенбілікке белсене қатыстық. Әрбір сенбілік күніміз мектеп ауласында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұранымен ашылған жоспарлық жиында мектеп директоры Туркестанбаева А.А және тәрбие ісінің меңгерушісі Жунусова А.Қ, оқушылар мен мектеп қызметкерлеріне, мұғалімдерге атқаратын жұмыстар тәртібімен таныстырды. Жоспар бойынша бекітілген мектептің бастауыш сынып оқушылары мектеп ауласын тазартса, 5-11 сынып оқушылары мен мектеп мұғалімдері ауыл көшелері мен ауыл маңайын ретке келтірді. Осы өткізілген сенбіліктен соң мектеп айналасы мен ауылымыз бір тазарып қалды.



Мектеп белсенділерінің қатысумен «Жұмысты қалай бастаймыз?» тақырыбында жиналыс болып өтті. Жиналысты ұланбасы Алишер Данагул ұйымдастырып, жыл бойына мектеп белсенділерінің атқаратын жұмыстарын айқындап берді.

Денсаулық күніне орай «Біз салауатты өмір салтын сақтаймыз!» тақырыбында қабырға газеттері шығарылды.



1-казан күні «Қарттар күні» мерекесіне орай «Қайырымдылық жаса!» акциясы аясында Жібек жолы ауылдық «Жасмин» мейрамханасына ауыл әкімшілігімен бірге қарт кісілерге дастархан жайылды. Мерекелік дастархан Иманжүсіп Құтпанұлы орта мектебі оқушыларының дайындаған меркелік концертпен жалғасын тапты. Мерекелік концертте 5 «ә» сынып оқушысы Тілекқали Томирис, 7 «а» сынып оқушысы Тоғжанова Аяжан және «Көркем-ай» би тобы өнер көрсетіп ата-әжелеріміздің көңілінен шықты деп ойлаймыз.

7-8 сынып оқушы қыздарынан «Жас тәлімгерлер» тобы құрылып, жоспары жасалды. Жоспар бойынша «Жас тәлімгерлер» жыл бойы мереке уақытындағы мектепті безендіру жұмыстарына, бастауыш сынып оқушыларына түрлі ойындар мен тренингтер өткізуге, сынып кабинеттерінде гүл отырғызу мен кабинетте тазалық жұмыстарын жүргізуге тиісті болып табылады.

«Тимуршылар» тобы да жылдағы дәстүр бойынша жалғызбасты тұратын Асаубаев Б.атайдың үйіне барып, отын жарып, үй айналасын қоқыстан тазартып көмек көрсетті. Риза болған үлкен кісілер алғысын білдіріп, батасын берді.



«Ұстаз – ұлы есім» атты ұстаздарға арналған мерекелік бағдарлама аясында мектебіміздің мәдени - рухани байлығы мен тәрбие рөлін арттыру, ұстаз бен шәкірт арасындағы талғамдық құндылықтарға жету қабілеттерін қалыптастыру мақсатында мектепшілік «Жас ұлан» ұйымының жоспарына сәйкес аға тәлімгердің ұйымдастыруымен «Ұстаз болу жүректің батырлығы» тақырыбына мерекелік концерт өткізіліп, ұстаздар мерекесіне орай мұғалім болу ол өте қиын мамандық екенін, ұстаздардың еңбегін бағалап, оларға құрмет көрсету мақсатында мектебімізде өзін өзі басқару күні болып өтті. Бұл күні 11 сынып оқушылары 1-10 сынып оқушыларына сабақ беріп, сынып жетекшілік қызметін атқарды. Сонымен бірге ұстаздар қауымы өздерін оқушы ретінде сезініп көрді. Бұл күн бізге ең маңызды әрі ең қызықты күндердің бірі болды. Өзін өзі басқару күнін биыл жылдағыдан ерекше өткізуге талпыныс жасадық деп ойлаймыз.


Қазан айында «Жайдарман» көңілді тапқырлар клубының ойындары ұйымдастырылды. Ойынның мақсаты: мектеп оқушылары арасында КТК ойындарын дамыту, мектеп бойынша ең қабілетті оқушыны анықтау, оқушылардың бос уақыттарын тиімді өткізуді ұйымдастыру, қатысушылардың әртістік және шығармашылық қабілеттерін дамыту, аудандық КТК ойындарына ойыншыларды іріктеу. Ойынға мектебіміздің 8-10 сынып оқушылары қатысты.





Нәтижесінде мектептің «Үздік команда» кубогын Кенжалы Асет сынып жетекшілік ететін 8 «а» сынып оқушылары жеңіп алды.

«Мен Тәуелсіз Қазақстанды саламын» атты 1-4 сыныптар және 5-7 сыныптар арасында сурет байқауы өткізіліп, жақсы салынған суреттер іріктеліп аудандық «Мен Тәуелсіз Қазақстанды саламын» атты сурет байқауына жіберілді.



II тоқсанда ұланбасы Әлішер Данагүлдің ата-анасының қызметі ауысуына байланысты Астана қаласына көшіп кетті. Осы орайда мектеп ұланбасысы болып Жумальдинов Ерсайн тағайындалды.



Қарашаның 29 күні аудандық «Талантты балалар экспресі» атты ән-би байқауына мектебімізден 5 «ә» сынып оқушысы Тілекқали Томирис, «Көркем-ай» орта және кіші би тобы қатысып нәтижесінде Тілекқали Томирис I орынға ие болса, «Көркем-ай» орта би тобы II орынға ие болды. Барлық өнерпаздар аудандық «Балалар шығармашылық орталығының» мақтау қағазымен марапатталды.





Тілекқали Томирис
I орын

«Көркем-ай» би тобы



1-10 желтоқсан аралығында әдеттегідей «Нашаға жол жоқ!» акциясы апталығы өтті. Мектебіміздің медбикесі мен психологы бірігіп 9-11 сыныптар арасында тренинг, әңгімелесу, баяндама оқып, тақырыпқа сай видеороликтер көрсетті.

Мектеп кітапханасында «Сіз латын тіліне көшуге дайынсыз ба?» деген тақырыппен күн тақырыбында өткір тұрған, бүгінде қоғамда қызу талқыланып жатқан латын әліпбиіне көшу мәселесіне байланысты ой қозғау үшін пікірталас ұйымдастырылды. Пікірталас қонағы ретінде мектебімізге жаны ашып, әлеуметтік қай мәселе болмасын шешімін тауып жүретін, мектебіміздің белсенді ата анасы Жұртыбаева Жанар Ағыбаевна, Новоалексанровка орыс мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Тажитдинова Гүлжаһан




Мейрамсағатовна, мектебіміздің орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі, Сүлейменова Гүлнар Естаевна және былтырғы оқу жылының республикалық пәндер олимпиадасының алтын медаль иегері 11- сынып оқушысы Арыстанбеков Әлібек, ағылшын тілінің мұғалімі Дүйсеманова Ұлжан Жұманазаровна, математика пәнінің мұғалімі Айтхожаев Саддам Әбділләұлы қатысып өз пікірлерін білдірді

14 желтоқсанда Тәуелсіздік мерекесіне орай мектебімізде 5 «а», «ә» сынып оқушыларын, «Тәуелсіздік ұландары» тақырыбында Жас ұлан ұйымына қабылдау рәсімі өтті. Мақсаты: оқушылардың қоғамдық әлеуметтік танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту; Жас ұланға мектептің озат, белсенді оқушыларын қабылдау. 5 «а», «ә», «б» сыныптарынан ең үздік, талантты, белсенді оқушылар іріктеліп оқушы қабылданды. 5 «а» сыныбынан Ербулина Айдана жалпы оқушылар атынын ант қабылдады. Жас ұлан жетекшілері құттықтау олен жолдарын жолдап құттықтады. Галстук тағу рәсіміне мектебіміздің директор орынбасарларымен үлгілі ұстаздар және Жас ұлан жетекшілері қатысты.



Қаңтар айынан бастап мектепте талаптардың орындалуын қадағалау мақсатында рейд жүргізе бастадық. Аптаның бірінші күні барлық оқушылардың мектеп формалары, сынып кабинеттерінің тазалығы, оқу құралдарының ұқыптылығы және мектеп талабына сай жүруі (тырнақ бояу, шаш үлгісі, боянып келуі) тексеріледі.

Оқушылардың би өнеріне деген қызығушылығын дамыту, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру мақсатында ақпанның 18 күні 5-11 сыныптар арасында «Биге шектеу жоқ!» атты би сайысы өтті. Сайыс 3 кезеңнен тұрады: 1 кезең – Қазақ биі, 2 кезең – өзге ұлттың халық биі, яғни әр ұлттардың билерін сайысқа салдық және 3 кезең – қазіргі заман биі. Қазақ биі номинациясы бойынша 7 топ өнер көрсетті. Әдемі қимылымен, әсем келбеттерімен мағыналы мазмұнымен ерекшеленіп 6 «ә» сыныбы 1 орынды жеңіп алды. Өзге ұлттардың халық биі номинациясы бойынша оқушыларымыз үнді, өзбек, қырғыз халықтарының ұлттық билерін әдемі орындап шықты. 1 орынды өзбек биін шебер орындап шыққан 6 «а» сыныптың «Әдемі» тобы жеңіп алды. Ал 3 кезеңде қазіргі заман биіне ерекше белсенділік танытқан оқушыларымыз жақсы өнер көрсетіп көрерменді көңілді ықыласқа бөледі. Бұл кезеңде ұлдары мен қыздары бірігіп «Boys and girls» атты топ құрып әдемі би көрсетіп 8 «ә» сыныбы 1 орынды жеңіп алды. Қорытындылай келе оқушыларымызға өзіміздің ұлттық қазақ биіне көбірек мән беріп дәстүрімізді жалғастыруға, қазақ биі арқылы қазақ даласының әсемдігін, кеңдігін, қазақ қызының сұлулығын, тазалығын көрсетуге болатынын ескертті.



20 наурыз




Ұлыстың Ұлы күні мерекесіне орай 5-7 сыныптар аралығында «Қош келдің Наурыз!» атты мерекелік кешті 7 «Ә» сынып жетекшісі Майра Максетовнамен бірге өткіздім.

15 сәуір айынан 15 мамыр айына дейінгі аралықта «Табиғаттың, өзен және су көздерінің тазалығын сақта» атты экологиялық акция өткізілді. Оқушылар өздеріне бөлініп берілген учаскторарын, яғни мектеп ауласын және ауыл көшелерін қоқыстан тазартып біршама жұмыстар атқарылды. Мектеп ауласынадағы ағаштарды түптеп, гүл егуге орындарын дайындау жұмыстары жүргізілді.





28 сәуір күні 1 мамыр – ынтымақ пен бірлік күніне орай өткізілген «Ынтымақ, бірлік, келісім – ең басты байлық ел үшін» атты мерекелік іс – шараға 5-8 сыныптар қатысып, қазақ, орыс, өзбек, ұйғыр, кәріс, грузин, үнді, түрік және украин халықтарының өнерін көрсетіп өзара сайысқа түсті. Кешіміздің шарты бойынша әр ұлт сол тілде тілектерін білдіріп, сол ұлттың ұлттық тағамын әзірлеп, сол ұлттың өнерін көрсету болатын. Кешімізді қазақ ұлт өкілдері бастап берді. Қатысушылар әр ұлттардың өнерін көрсетуге тырысқан әсіресе 8 «а» сынып түрік халқының биін, елімізге танымал киносынан үзінді қойып, презентация жасап түрік халқын жан – жақты таныта білді және бас жүлдені иеленді. 1 орынды - 6 «ә» сыныбы кәріс халқы, 2 орынды - 5 «ә» сынып ұйғыр халқы, 3 орынды – 7 «б» сынып иеленді. Дайындықтары аздығынан дұрыс өнер көрсете алмаған сыныптарға ескерту айтылды.



29 сәуір күні «1 мамыр – ынтымақ пен бірлік күні» мерекесі қарсаңында мектебімізде 2 «а», «ә», «б», «в» сынып оқушыларын, «Тәуелсіздік қырандары» тақырыбында Жас қыран ұйымына қабылдау рәсімі өтті. Мақсаты: оқушылардың қоғамдық әлеуметтік танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;

Жас қыранға мектептің ең үлгілі, озат, әдепті, шығармашыл, белсенді оқушыларын қабылдау. 2 «а», «ә», «б», «в» «г» сыныптан ең үздік, талантты, белсенді оқушылар іріктеліп 67 оқушы қабылданды. 2 «б» сыныбынан Жарасов Санжар жалпы оқушылар атынын ант қабылдады. Жас ұлан жетекшілері құттықтау олен жолдарын жолдап құттықтады. Галстук тағу рәсіміне мектебіміздің директор орынбасарларымен үлгілі ұстаздар және Жас ұлан жетекшілері қатысты. Жас қыран гимнын жаңа қабылданған Жас қырандар хормен орындады.



Жалпы алғанда II жарты жылдықта қойылған талаптар түгелдей орындалып, қалыпты жағдайда атқарылды деп есептеуге болады.